



БҰЙРЫҚ

05.01.2022 ж.

Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 42-4/4

город Шымкент

Жауапкершілікті күшейту туралы

Қазақстан Республикасының 18.11.2015 ж. №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы (30.11.2016 ж. №26-VI, 28.12.2018 ж. №210-VI толықтырулар мен өзгерістер), «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі №793 Жарлығы негізінде, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының нормаларын сақтау, лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін күшейту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. аурухана бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» жұмысына жауапты болып бас дәрігердің орынбасары Е.Т.Бектаев бекітілсін:

- жүйелі түрде сыбайлас жемқорлықтың, парақорлықтың, т.б. құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша шаралар қабылдасын (қызметкерлер арасында семинар сабақтар өткізу арқылы түсіндіру, т.б. жұмыстар жүргізісін);
- сыбайлас жемқорлыққа жол бермей, сыбайлас жемқорлықтың орын алуына жағдай жасайтын фактілерді жою жөнінде шаралар қабылдасын;
- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының нормалары мүлтіксіз сақталсын;
- кез келген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың фактілері және белгілері туралы жылдам түрде маған хабарласын;
- еңбек тәртібі қатаң сақталсын;
- сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселелерінде дербес жауапкершіліктері жөнінде, сондай-ақ қызметтерінде заңнама бұзушылықтар фактілері анықталған жағдайда ҚР-ның заңнамасына сәйкес жұмыстан босатуға дейін қатаң шаралар қолданылатыны жөнінде ескертілсін;

2. Осы бұйрықтың орындалу барысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы



Г.Укбаева